

Екібастұз 1-ГРЭС-ін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 маусым N 735

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес, энергетика саласын дамыту мен Екібастұз 1-ГРЭС-ін қайта құрастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп 1996 жылдың 20 маусымына дейінгі мерзімде Екібастұз 1-ГРЭС-ін қаржылық-экономикалық сауықтыруға қажетті инвестициялық талаптары мен және оның жылдық энергия шығаруын 2000 жылға 22 млрд. кВт/сағ.-қа дейін жеткізуді белгілесін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылдың 20 маусымына дейінгі мерзімде Екібастұз 1-ГРЭС-ін балансындағы мүліктерді қабылдау-өткізу актісі бойынша, белгіленген заң тәртібімен сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті аталған қабылдау-өткізу актісіне қол қойылғаннан кейін бес күн ішінде Екібастұз 1-ГРЭС-ін мүліктік кешенін сату бойынша тендер шарттарын орындау жөнінде өздеріне міндеттеме алған қатысушылар арасында саудаластықтың голландық процедураларын қолдана отырып, жабық тендер өткізуді ұйымдастырсын. Тендер шарттары электр энергиясын өндіру көлемін қамтамасыз ету және бұл үшін қажетті инвестициялық бағдарламаларды орындау жөніндегі міндеттемелерді қамтуға тиіс.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Энергетика және

көмір министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті саудаластық өткізілгенге дейін Екібастұз 1-ГРЭС-нің ішкі және сыртқы міндеттемелері бойынша құқықтық мұрагерлерін айқындасын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г. Штойкке жүктелсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК